

Қарағанды облысы бойынша жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 26 маусымдағы № 35/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2025 жылғы 26 маусымдағы № 300 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына, 6 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облысы бойынша жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін жер телімдерінің Қарағанды облысы бойынша шекті (барынша) мөлшерлерін белгілеу туралы" Қарағанды облысының әкімдігінің 2004 жылғы 29 қазандағы №21/02 қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының Х сессиясының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы №152 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1679 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі
Облыстық мәслихат төрағасы

Е. Бөлекпаев

Н. Кобжанов

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 26 маусымдағы №35/01
мен

Қарағанды облыстық мәслихатының
2025 жылғы 26 маусымдағы № 300
бірлескен қаулысы мен шешіміне
қосымша

Қарағанды облысы бойынша жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері

Аудандар мен қалалардың атаулары	Жер телімдерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері (гектар өлшемімен)			
	Соның ішінде:			
	Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу үшін		жеке тұрғын үй құрылысы үшін	бау-бақша, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін
	Суарылмайтын	Суармалы		
Абай ауданы	0.25	0.25	0.10	0.12

Ақтоғай ауданы	0.35	0.15	0.15	0.12
Бұкар жырау ауданы	0.25	0.15	0.10	0.12
Қарқаралы ауданы	0.25	0.15	0.10	0.12
Нұра ауданы	0.35	0.25	0.15	0.20
Осакаров ауданы	0.30	0.15	0.25	0.20
Шет ауданы	0.25	0.15	0.10	1.00
Балқаш қаласы			0.12	
Қарағанды қаласы			0.10	
Приозерск қаласы			0.10	
Саран қаласы			0.12	
Теміртау қаласы			0.15	
Шахтинск қаласы			0.15	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК